

С. Смағұлов

Қазақ елі мемлекеттілігін құру мен оның негіздерін жетілдіру ісіндегі президенттік институттың орны мен рөлі.

Тәуелсіздік жылдары президенттік басқару жүйесімен өмір сүріп келе жатқан Қазақстан өзін тек жақсы жағынан көрсетті. Бұл жүйе даму мен алға басудың кепіліне айналды деуге де болады. Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы тарағаннан кейін өз тәуелсіздігін жариялады. Ал өзінің іргелі мемлекет ретінде даму жолында президенттік басқару жүйесінің тек жемісін жеді. Бұл Қазақстан үшін ең дұрыс, ең үздік таңдау болғаны сөзсіз.

Әлемде президенттік басқаруды таңдаған көптеген дамыған елдер бар. Ол елдер де қарыштап дамып барады. Осы уақыт ішінде республикалық басқару формасына көшкен мемлекеттердің басым көпшілігінде Президент лауазымы енгізілуі оның өміршеңдігін және институттық-саяси жетілгендігін көрсетеді.

Ұлыбританияның бұрынғы премьері Маргарет Тэтчерден: «Елді басқарудың қай жүйесі тиімді?» деп сұрағанда ол: «Тәтті нанды дайындау үшін – президенттік басқару формасы, ал сол тәтті нанды бөлу үшін – парламенттік басқару формасы тиімді болады» деп жауап қайырыпты. Яғни жаңа мемлекет құруда президенттік жүйе, ал оны басқаруда парламенттік жүйе тиімдірек болады дегені.

Біздің ойымызша, бұл жердегі мәселе елді басқаратын адамға көп байланысты. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атқарған еңбегі ерекше. Біріншіден, Қазақстан басшысы – мемлекеттің негізін құраушы тұлға. Ол өз елін Кеңес Одағының күйреуі, Азиялық дағдарыс және соңғы жылдардағы жаһандық құлдыраудан аман алып шыққан көшбасшы. Мысалға, 2007-2008 жылдардағы жаһандық дағдарыстан Қазақстан бірінші болып шықты. Екіншіден, Қазақстанның барлық көршілері азамат соғысы мен тұрлаусыз төңкерістерді бастан кешсе де, Н.Ә.Назарбаев қанды қақтығыстарға жол берген жоқ. Керісінше, көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан бейбітшілікті сақтап, халқының өмір сүру деңгейін көтерді.

Қазақстанда президенттік институт КСРО-ның құлауынан біраз бұрын қалыптаса бастады. 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-інің Президенті лауазымын белгілеу және Қазақ КСР-інің Конституциясына тиісті өзгерістер енгізу туралы Заң қабылдады. Заң мемлекеттік биліктің жоғары органдарының жүйесінде Президенттің мәртебесін, сондай-ақ оның өкілеттіктерін белгіледі [1].

Бұл кезде Кеңестердің жаппай билігі сақталған еді. Жоғарғы Кеңес мемлекеттік өмірдің барлық мәселелерін шешуге ресімді құқығы бар жоғары мемлекеттік орган болып қалды. Қазақ КСР Тұңғыш Президентін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің жасырын дауыс беру жолымен сайлады. Президент болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Президент көбінесе Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне тәуелді болды. Оның үстіне Қазақ КСР-нің Президенті егемен, тәуелсіз мемлекеттің басшысы болмады, өйткені Қазақ КСР-і Президентінің

іс-қимылдары мен өкілеттіктері КСРО Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Президентінің құзыретімен шектелді.

Қазақ КСР Президентінің мұндай жай-күйі КСРО таратылып, Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданғанға дейін созылды. Алғашқы кезеңде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің толық билігі, өзінше бір парламенттік республика туралы айтуға болатын еді.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан халқы бірінші рет бүкілхалықтық сайлауда ел президентін сайлады. Сайлаушылардың 88,2% келіп, 98,7% дауыспен Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев жеңіске жетті. Қазақстан жалпыға бірдей сайлау барысында Тұңғыш Президентті сайлап, жоғары билікті ұйымдастыру мен оның іс-қимылының жаһандық тәжірибесін үйлесімді қабылдады. Біз оны өз қоғамымыздың ұлттық спецификасын, дәстүрлері мен ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырдық.

2012 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан халқы алғаш рет жаңа мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент Күнін атап өтті. ҚР Президенті-Елбасы осы оқиғаға байланысты жарияланған өзінің «Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні» деген мақаласында 1991 жылдың 1 желтоқсанында біздің халқымыздың бүкіл тарихында алғаш рет өткен жалпыға ортақ Қазақстан Президенті сайлауы еліміздің тарихындағы маңызды белес екенін атай отырып, «Бұл оқиғаның тарихи мәні мен патриоттық құндылығы көзге ұрып тұр және ешқандай талас тудырмайды. Бұл күні Қазақстан халқы биліктің шынайы қайнар көзі болудағы, билікті қалыптастырып, оның саясатын айқындаудағы өзінің егемен құқығын алғаш рет жүзеге асырды»[2], - деп бағалады.

Ал, 1991 жылы 16 желтоқсанда ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың атап көрсеткеніндей: «22 жыл бұрын біз Мәңгілік Ел болудың бірегей қадамын жасадық. Дүйім дүниеге тәуелсіздігімізді жария еттік» [3]. Осы күні біз өзіміздің Қазақстан Жолын бастадық.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданғаннан бергі кезең ішінде Қазақстан демократиялық саяси-құқықтық жүйесі бар, экономикасы тұрақты, халқының әл-ауқаты жоғары, ұдайы даму үстіндегі мемлекет ретінде қалыптасты.

Ата-бабамыздың ғасырлар бойы асыл арманы болып келген егемен Қазақстанды құру жөніндегі тарихи аманаты 1991 жылғы 1 желтоқсанда бірауыздан Мемлекет басшысы болып сайланған Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен іске асты [4].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланған сәттен бастап президенттік институт қалыптасуының екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңдегі басты нәрсе – Президент тәуелсіз мемлекеттің басшысына айналды. Мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі принципінің орнықтырылуына байланысты Президент мемлекеттің Басшысы ғана емес, сонымен бірге республиканың атқарушы билігінің де Басшысы деп танылды.

ҚР-ның 1993 жылғы Конституциясы Президентті мемлекеттік биліктің атқарушы тармағына енгізді. Сөйтіп бірінші Конституция Президенттің мәртебесін әлсіретті. Оның есесіне Жоғарғы Кеңестің ұстанымдары мен өкілеттіктері күшейтілді. ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз мемлекеттің бірден-бір заң шығарушы және өкілдікті органына айналды. ҚР Жоғарғы Кеңесінің құзыреті шын мәнінде шексіз болды. Демек, 1993 жылғы ҚР-ның Конституциясы күшті заң шығарушы билік ұстанымында тұрды. Мұндай жағдайда қандай да болсын күшті президенттік билік туралы айту орынсыз болатын. Ол атқарушы билікке байланды. Сондықтан ҚР-ның 1993 жылғы Конституциясында Президенттің жоғары мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету құқығы туралы ережелер болған жоқ.

Президенттік басқару формасына қарай алғашқы елеулі қадамды ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы желтоқсанда, Президентке заңдар қабылдау құқығы берілген кезде жасады. Президентке заң шығару өкілеттігін уақытша беру туралы заң қабылданған сәттен, ҚР-нда президенттік басқару формасының қалыптасу үрдісі басталды.

1993 жылғы Конституция бойынша Қазақстан парламенттік республика болып саналды. Өкілеттігі аса мол Жоғарғы Совет президентке мемлекет басшысы ретінде толыққанды және тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді. Мұндай жағдайда елде демократиялық реформалар жүргізіп, нарықтық экономика құру мүмкін емес еді. Жоғарғы Совет президент Назарбаевтың саясатына қарсы тұрды. Осы саяси дағдарыс нәтижесінде 1995 жылы парламентсіз қалдық.

Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаевтың саясатын жүзеге асыру жолында арқа сүйейтін қандай да бір құқықтық негіз қажет болды. Сөйтіп, 1 наурызда Президент жарлығымен Қазақстан халықтарының ассамблеясы (қазіргі Қазақстан халқының ассамблеясы – С.С.) құрылып, ол Президент Н. Назарбаевтың өкілеттігін ұзарту жөнінде 1995 жылы 29 сәуірде референдум өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл тұрғыда Назарбаев Қазақстан халықтарының ассамблеясы туралы өз жарлығына сүйенді.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің ойдағыдай дамуының құқықтық іргетасы болып табылады. 1995 жылғы Конституция Қазақстанды Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жариялады. Мемлекеттің саяси жүйесі Конституцияда нақты көрініс тапқан. Саяси жүйенің негізгі тұғыры – президенттік басқару жүйесі Конституцияда алғаш рет заңдастырылған.

Президенттік басқару нысаны мынадай сәттермен сипатталады:

- Президент – мемлекет басшысы.
- Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Президенттің алдында жауап береді, тек Конституцияда көзделген ретте ғана Парламентке есеп береді.
- Президент Үкімет мүшелерін тағайындайды.
- Президент өз қалауы бойынша Үкімет мүшелерін қызметтен босатады.
- Президенттің Парламент қабылдаған заңдарға тыйым салуға құқығы бар.

- Конституцияда көзделген ретте Президент заңдар, сондай-ақ заң күші бар жарлықтар шығарады.
- Президент заңдардың қабылдану кезектілігі мен жеделдігін белгілей алады.
- Президент Парламентті тарата алады.
- Президент лауазымы бойынша Қарулы Күштердің Жоғарғы бас қолбасшысы болып табылады.
- Президент мемлекеттің, демек, Үкіметтің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын өз қалауынша айқындайды.
- Президенттің өз қалауынша Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыруға құқығы бар.
- Президенттің өз қалауынша референдум өткізуге құқығы бар.
- Президенттің елде төтенше жағдай енгізуге, оның бүкіл аумағында немесе жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізуге, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялауға шектеулі құқығы бар.
- Президенттің кешірім жасауға, марапаттауға, азаматтық беруге құқығы бар [5].

Қазақстан Республикасы Президенті мәртебесінің аталған ережелері өзіндік ерекшеліктері бар президенттік басқару формасының орнатылғанын айғақтайды. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Елбасы атап көрсеткендей «Президенттік республика моделін тандап алып, біз елді посткеңестік экономикалық және саяси бейберекетсіздіктен шығардық» [6].

1995 жылы жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы Президентті азаматтардың құқы мен бостандықтарын қорғаудың, сондай-ақ мемлекеттік биліктің барлық тармақтары мен институттарының тиімді және үйлесімді қызметінің гаранты ретінде айқындап, президенттік билікті нығайта түсті.

Президент институтының қазақстандықтар арасындағы жоғары беделі 1999, 2005, 2011 жылдардағы баламалы жалпыға ортақ президенттік сайлау өткізу барысында нақты қуатталды.

Республика Президентінің жетекшілігімен кең ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Мемлекет басшысының жан-жақты сараланған ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміз саяси және әлеуметтік-экономикалық сілкіністерге ұшырамай, дербес дамудың өтпелі кезеңіндегі қиындықтар мен сынақтарды еңсеріп, ілгерілеу мен өркендеу жолына шықты.

2011 жылы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлау Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтың берік сеніміне және қолдауына ие болған тарихи тұлға екендігін тағы да дәлелдеп берді. Бүгінгі Қазақстан – өзінің ел таныған ұлттық лидері бар, демократиялық қоғамды орнықтыруды басты мақсатына айналдырған, дүниежүзілік қауымдастық мойындаған тәуелсіз ел. Бұрын біз басқалардан үйренген болсақ, енді басқа елдер біздің тәжірибемізді басшылыққа алатын айшықты заман орнығып келеді [7]. Біз үйренетін ұлттан үйрететін ұлтқа айналдық.

ҚР Президенті-Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында атап айтқандай: «Біз мемлекеттік басқаруда өзіндік тұрғыда төңкеріс жасауға қол жеткіздік, оны халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыруға қайта бағдарладық» [8].

Сонымен, қорыта келгенде, Қазақстан ұлттық мүдделерді және әлемдік даму үрдістерін ескеретін саяси құрылыстың өзіндік үлгісін жасады. Конституциялық эволюция мен құқықтық жүйені сатылап реформалау нәтижесінде елімізде мемлекеттік биліктің теңгерімді де тиімді жүйесі қалыптастырылды. Республикада мемлекеттік билік заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөліну қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетті басқарудағы жүйе түзуші рөлді президенттік институт атқарады. Республика Президенті Конституцияның сенімді кепілі, елді жаңғыртудың бастамашысы және іске асырушысы болып табылады. Қазақстандағы осы саяси-мемлекеттік институттың қызметіне келсек, жиырма жылдан астам уақыт президенттік институттың ұтымды жақтарын көрсетіп берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия /Б.Ғ.Аяғанның ред. – Алматы, 2010. 41-б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні. – Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2012.
3. Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы. ҚР-ның Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. 14.12.2013. – Ақиқат, №1, 2014. 5-б.
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығы декларациясы. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысы. – Егемен Қазақстан, 12 желтоқсан, 2011.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2010. 12-16-бб.
6. Егемен Қазақстан, 17 мамыр 2007 ж.
7. Омарбеков Т. Өрлеу жолында. – Ана тілі, 22 желтоқсан 2011.
8. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012. – Айқын, 15 желтоқсан 2012 ж.